

## **Тәлімгердің жылдық жұмыс есебі 2021-2022 оқу жылы**

2021-2022 оқу жылдарында мектептің тәрбие жұмыстарының бағыттары мен Республикалық бірінші «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер үйімінде жұмысы турали ережесін басшылыққа ала отырып жылдық жұмыс жоспары мектеп директорының ТЖ жөніндегі орынбасарымен келісе отырып, директормен бекітілді.

«Жас Ұлан» үйімінде үйімінде мектеп комитетін сайлау жұмысы өткізілді.




Мектептің өзін-өзі басқару үйіміннан мектеп президенті сайлауы, «Жас Ұлан» үйімінде басшысы сайланды. Мектеп президенті болып Адалбекқызы Айтжамал, «Ұлан Басшысы» болып Биләл Еркебол сайланды. Сонымен қатар, өзін-өзі басқару мүшелері құрамы сайланып, өзін – өзі басқару үйімінде стендті жасалынды.




Кез келген іс-шараға үйымның белсенді мүшелері қатысып отырады.

Жоспарға сай мектепшілік іс шаралар уақытылы өткізіліп тұрады. Қыркүйек айында «Қарттарым асыл қазынам» атты тақырыпта суреттер көрмесі үйимдастырылды. Ауылдың үлкен ақсақалы Қажы атамыз Зейнелхен атаны құттықтап «Жас Ұлан» үймының мүшелері барды.




Үстаздар күніне арналған «Ұлағатты ұстаз» тақырыбында өзін-өзі басқару күні 11-сынып оқушылары мен сынып жетекшісі Салдат Халипа мұғалімнің үйимдастырумен өткізілді. Суреттер көрмесі және қабырға газеттер сайысы үйимдастырылды.



«Алтын күз» мерекелік іс шарасына байланысты директордың ТЖ жөніндегі орынбасарымен бірлесе отырып жәрменкеге, қол өнер бұйымдар мен суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Қараша айында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған челлендж ұйымдастырылды. 22 қараша күн « Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында оқушылармен әңгімелер өткізілді. 14 желтоқсанда жасөспірімдерді «Жас Ұлан» ұйымына қабылдау салтанатты түрде өтті. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне «Тәуелсіздік- тәнірден келген тәтті сый» концерті ұйымдастырылды.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай өткізілген аудандық «Тәуелсіз елдің ұрпағымы » атты патриоттық әндер сایысында Сүйеніш Фариза, Мәдениетқызы Ерканаз бас жүлде Гран при ұтып алды. Аяуханқызы бағым қатысқаны үшін сертификат алды.



Конкурс счекивали компетентные жюри:  
преподаватели по классу вокала  
Аманбала Сержан, Наурызхан Анаргуль и  
вокалист районного Дома культуры  
Бағдатовва Толғанай.



Мектеп парламентінің ұйымдастырумен 32 жыл білім саласында сапалы білім, беріп саналы ұрпақ тәрбиелеп ұшырған бастауыш сынып мұғалімі Сағидолда Гүлбаршын мұғаліммен «Өнегелі өмір» жобасы барысында кездесу ұйымдастырылды. 7 ақпаннан бастап өзін өзі басқару ұйымының апталығы өтті. Совет әскерлерінің Ауған жеріннен шығарылғанына 33 жыл толуына орай «Жас Ұлан» ұйымы «Батылдық пен ерлік» атты презентациясын өткізді. 1-Наурыз Алғыс айту күні өзін өзі басқару ұйымымен сыныптан тыс шара Ыстық лебіз, шынайы алғыстарын бірі өлең жолдарымен жеткізсе, бірі жүрекшелерге жазып Алғыс айту жәшәгіне салды. Наурыз айында «Жеті атаанды білесің ба?» челленджі ұйымдастырылды.



18 наурыз күні мектеп мұғалімдерімен бірлесіп «Қош келдің, әз Наурыз» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды. 26 сәуір күні «Балалар жылы-2022» аясында ауыл әкімі Кеңшілік Мусалимұлымен кездесу ұйымдастырылды. 6 мамыр күні 2- сынып оқушыларын «Жас Қыран» ұйымына қабылдау салтанатты түрде өтті. Ұлы жіңістің 77 жылдығына орай «Еңсесі биік – Ұлы жеңіс» тақырыбында мерекелік концерт өткізілді. (Откізілген іс шаралар әлеуметтік желіге жүктелінді).



**Корытынды:** Мен үшін уақытпен қатар даму өте маңызды, сондықтан әрбір мүмкіндіктерді жіберіп алмауга тырысу. Балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналығын арттыру. Танымдық жұмыстарға ынталандыру, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау. Жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Мектеп директоры



А Д. Тауекелова